

**Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 11 маусымдағы N 562 Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 10, 123-құжат; 2003 ж., N 15, 138, 139-құжаттар):

8 - б а п т а :

к) тармақшасындағы "есепке алу," деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы к-1) және к-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"к-1) барлық қаржы ұйымдары орындауға міндетті бухгалтерлік есепке алу және операцияларды автоматтандыру жүйелері мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңдарының талаптары мен бухгалтерлік есепке алу стандарттарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

к-2) операцияларды автоматтандыру жүйелеріне қойылатын талаптарды барлық қаржы ұйымдарының сақтауын бақылауды, оның ішінде уәкілетті органның қызметкерлерін тарта отырып тексерулер арқылы бақылауды жүзеге асырады;"

л-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"л-2) уәкілетті органмен келісім бойынша барлық қаржы ұйымдарының және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда олардың аффилиирленген тұлғалары қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттарға сәйкес келетін тізбесі мен нысандарын, сондай-ақ табыс ету мерзімдері мен тәртібін белгілейді ;"

2. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат;

1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжаттар; N 15, 138, 139-құжаттар):

1 ) 5 4 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шоғырландырылған негіздегі қаржылық есептілікті қоса алғанда, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарға сәйкес келетін тізбесі мен нысандарын, сондай-ақ оларды табыс ету мерзімдері мен тәртібін уәкілетті органмен келісім бойынша Ұлттық Банк белгілейді.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Шоғырландырылған негіздегі есептілікті қоса алғанда, (қаржылық және статистикалық есептілікті қоспағанда), есептіліктің тізбесін, нысандарын, оларды табыс ету мерзімдері мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді.";

2) 55-баптағы "уәкілетті орган және (немесе) Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті органмен келісім бойынша Ұлттық Банк" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 171-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 12, 116-құжат; 2003 ж., N 15, 139-құжат):

3 - б а п т а :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қаржылық ұйымдардағы бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік жүйесін реттеуді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі нормативтік құқықтық актілерді және оларға әдістемелік ұсынымдарды қабылдау арқылы, ал Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша жүзеге асырады.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын енгізу жөнінде бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді, ал қаржылық ұйымдарға қатысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесе отырып жүргізеді;"

6-тармақтың 1) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қаржылық ұйымдар үшін:"

4. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж.,

№ 1, 1-құжат; № 23-24, 198-құжат; 2003 ж., № 1-2, 9-құжат; № 11, 56-құжат; № 15, 139-құжат; № 21-22, 160-құжат):

41-баптың 2-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) бұқаралық ақпарат құралдарында уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен қаржылық есептілікті және уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өзге де есептілік пен өз қызметі туралы ақпаратты жариялауға міндетті. Бұл ретте жинақтаушы зейнетақы қорларына жарналар бойынша табысқа кепілдік немесе уәде қамтылған ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен жариялауға тыйым салынған өзге де мәліметтерді жариялауға жол берілмейді;"

5. "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 22, 406-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 139-құжат):

1) 43-баптың 11) және 20) тармақшалары алып тасталсын;

2) 74-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шоғырландырылған негіздегі қаржылық есептілікті қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокерінің қаржылық есептілігі тізбесін, нысандарын, оларды беру мерзімдері мен тәртібін уәкілетті органмен келісім бойынша Ұлттық Банк белгілейді.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Шоғырландырылған негіздегі қаржылық есептілікті қоса алғанда (қаржылық және статистикалық есептілікті қоспағанда), сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, оларды беру мерзімі мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді.";

3) 76-баптағы "уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "уәкілетті органмен келісім бойынша Ұлттық Банк" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. "Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есепке алу туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2002 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 12, 116-құжат):

2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Осы Заң:

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен айқындалатын жекелеген ұйымдар үшін 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап;

акционерлік қоғамдар үшін 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап;

өзге ұйымдар үшін 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабының 5-тармағын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі."

7. "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 132-құжат):

9 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) қаржылық ұйымдар мен олардың аффилиирленген тұлғалары есептілігінің (қаржылық және статистикалық есептілікті қоспағанда) тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдері мен тәртібін белгілейді;"

7) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

**2-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*